

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС  
2024 жылғы «19» тамыздағы

Қатысушыларының жалпы жиналысының  
төртінші отырысының №17/24 хаттамасымен

БЕКІТІЛГЕН



**birinshi lombard**

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің

**Микрокредиттер және өзге де ломбардтық  
қызметтерді ұсыну қағидалары**

Алматы – 2024 ж.

Осы Микрокредиттер және өзге де ломбардтық қызметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АҚ), «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі- Заң), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС (бұдан әрі-Ломбард) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және жеке тұлғаларға микрокредиттер мен қызметтерді ұсыну, сондай-ақ оларға қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Қағидалар Ломбардтың барлық бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерде, оның ішінде Ломбардтың [lombard.kz](http://lombard.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

Осы Қағидаларда төменде көрсетілген бас әріппен жазылған терминдердің мынадай мағыналары бар:

**Өтініш беруші** – Ломбардқа микрокредит алуға өтініш берген жеке тұлға;

**Қарыз алушы/Кепілзат беруші** - Ломбардпен микрокредит беру туралы шарт және кепіл билетін жасасқан/қол қойған жеке тұлға;

**Ломбард** - «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190540020930, орналасқан жерінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 37 үй.

**Микрокредит** - Ломбардтың Қарыз алушыға/Кепілзат берушіге Заңда және Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында беретін ақшасы;

**Микрокредит ұсыну туралы шарт (қосылу шарттарында)** (бұдан әрі- **Микрокредит шарты**) – бұл Ломбардтың уәкілетті органы бекіткен, анықталған және <https://lombard.kz/> электронды мекенжайы бойынша жарияланған, сондай-ақ Ломбардтың барлық бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған және басқа тарап (Қарыз алушы) оның шарттарына жалпы қосылу жолымен қабылдайтын жеке тұлғаларға микрокредиттер ұсынудың жалпы үлгілік шарттары.

**Кепіл** - жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік;

**Кепіл билеті (КБ)** – бұл жеке пайдалануға арналған, Ломбард пен Қарыз алушы/Кепілзат беруші арасында жасалған Қарыз алушыға/Кепілзат берушіге осы Қағидаларға сәйкес микрокредит беру туралы Микрокредит шартының ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін жылжымалы мүлік кепілдігі туралы шарт.

**Мерзімін ұзарту туралы белгі** – бұл қолданыстағы Микрокредит шарты бойынша микрокредитті қайтару мерзімдерін ұлғайту талаптарын қамтитын, Микрокредит шартына және Кепілзат билетіне қосымша келісім.

**Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ)** - микрокредит беру туралы шарт/КБ бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);

**Сыйақы** - Ломбардқа тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалған берілген микрокредит үшін төлем;

**Негізгі борыш** - жасалған Микрокредит шарты шеңберінде Қарыз алушы/Кепілзат беруші Ломбардтан алған, Қарыз алушы/Кепілзат беруші қайтармаған (өтелмеген) ақша сомасын білдіретін Қарыз алушы/Кепілзат беруші берешегінің бір бөлігі;

**Берешек** - негізгі борыш сомасын, микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасын, Ережеде және/немесе КБ-да қарастырылған тұрақсыздық төлемін (айыппұлдар, өсімақылар) қоса алғанда, Қарыз алушы/Кепілзат беруші Ломбардқа Микрокредит шарты бойынша төлеуі тиіс барлық ақшалай сомалар;

**АЕК** – республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

**Жүк беруші** - затты Ломбардқа сақтауға тапсырған және оны сақтағаны үшін сыйақы төлеген, сондай-ақ затты сақтағаны үшін Ломбардтан Атаулы сақтау түбіртегін алған жеке тұлға;

**Зат** - Жүк беруші Ломбардқа сақтауға берген жылжымалы мүлік.

## **1. КРЕДИТ БЕРУ ЖӘНЕ КЕПІЛЗАТ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

1. Ломбард пен Қарыз алушы/Кепілзат беруші арасындағы қатынастар Микрокредит шарты мен Заттарды кепілге салу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады және Қарыз алушыға/Кепілзат берушіге кепіл билетін берумен ресімделеді. Қарыз алушы/Кепілзат беруші кепілдік билетіне қол қоя отырып <https://lombard.kz/> электронды мекенжайы бойынша жарияланған, сондай-ақ Ломбардтың барлық бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерге орналастырылған Микрокредит шартының жалпы талаптарымен өзінің келісімін растайды.

2. Микрокредит шарты ҚР Азаматтық кодексінің 389 бабына сәйкес және мәміленің жазбаша формасына қойылатын талаптарды ескере отырып жасалады.

3. Ломбард және Қарыз алушы/Кепілзат беруші арасында жасалған микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша ақпарат міндетті түрде Кредиттік бюро және кредиттік тарихтарды қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған шарттарда мемлекеттік қатысуы бар кредиттік бюроларға ұсынылуы тиіс.

4. Кепілге Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен асыл металлдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар қабылданады. Ломбард қызметкері, егер кепіл Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, азаматтардың жылжымалы мүлкін кепілге қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5. Микрокредиттерді Ломбард 18 жасқа толған жеке тұлғаларға (бұдан әрі - Қарыз алушы/Кепілзат беруші) теңгеде қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен береді.

6. Микрокредит ұсыну туралы шарт (қосылу шарттарында), оның ішінде Ломбардта Заттарды кепілге салу туралы шарт кепіл билетін берумен ресімделеді және онда мынадай деректер болуы тиіс:

- Қарыз алушының/Кепілзат берушінің тегі, аты, әкесінің аты;
- нақты байланыс мәліметтері (үй және/немесе мобильді телефон нөмірі);
- жеке басты куәландыратын құжат деректері (жеке куәлік көшірмесі);
- Қарыз алушының/Кепілзат берушінің тұрақты мекенжайы;
- микрокредитті беру күні;
- микрокредитті қайтару күні;
- кепілзат беруші міндеттемелерін орындау мерзімі;
- кепілзат атауы және оның сипаттамасы;
- салмағы;
- кепілзат нысаны және оны бағалау сомасы;
- берілетін микрокредит сомасы;
- микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) мөлшерлемесінің мөлшері, сыйақы мәні, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, микрокредит бойынша артық төлеу сомасы;
- өтеу тәсілі мен әдісі;
- өтеу кестесі (болған жағдайда);
- шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік;
- басқа шарттар.

7. Берілетін кепіл билеттерінің формаларын Ломбард өзі анықтайды.

Кепіл билеті 2 данада ресімделеді және Қарыз алушы/Кепілзат беруші және Ломбард қызметкері өз қолымен қол қояды. Бұл ретте бір данасы Кепілзат берушіде, ал екіншісі Ломбардта қалады.

8. Кепіл билетін Қарыз алушы/Кепілзат беруші микрокредит толық өтелгенге дейін тұтастықта және сақтықта сақтауға міндетті.

9. Сатып алу күні кепілдік билетінде көрсетілген кепілдік мерзімінің соңғы күніне сәйкес келеді. Көрсетілген сатып алу күніне дейін микрокредит сомасын және микрокредитті нақты пайдалану мерзімі үшін есептелген сыйақыны қайтару арқылы кез келген күні кепіл затын сатып алуға болады.

10. Кепілде тұрған бірнеше зергерлік бұйымдардың біреуін сатып алған кезде, микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны төлеу микрокредиттің жалпы сомасынан жүргізіледі.

11. Кепілді сатып алу кезінде оны алу құқығы тек Кепілзат берушіге ғана тиесілі. Егер Кепілзат беруші есептелген сыйақыны төлей отырып, алынған микрокредитті жеке өзі өтей алмаған жағдайда, микрокредитті өтеу операциясын басқа тұлға Ломбардтағы кепілді жауапты сақтауға қалдыра отырып жасай алады.

12. Басқа тұлғаның кепілзатты алу құқығы кепіл билетінің берілген күні мен нөмірі көрсетілген нотариалды куәландырылған сенімхат болған кезде ғана туындайды.

13. Кепіл билетін ұзарту (мерзімін созу) жөніндегі операция микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін кепіл билеті және сыйақыны (пайыздарды) толық төленген жағдайда ғана мүмкін болады. Сыйақыны (пайыздарды) ішінара төлеуге жол берілмейді. Қарыз алушыға/Кепілзат берушіге тиесілі сыйақыны (пайыздарды) төлегеннен кейін Кепіл билетіне ұзарту парағы беріледі.

14. Қарыз алушы/Кепілзат беруші Микрокредит шартының қолданылу кезеңінде алынған Микрокредитті жасалған микрокредит шартының талаптарына және сыйақы мен өсімпұлды төлеу шартымен (бар болса) Кредиттеу бағдарламаларына сәйкес ұзартуға (мерзімін созуға) құқылы. Ұзартуды жеке басын куәландыратын құжат пен кепіл билетін көрсеткен кезде Қарыз алушының/Кепілзат берушінің өзі де, кез келген үшінші тұлға да жүзеге асыра алады.

## **2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

1. Микрокредит алу үшін Өтініш беруші Ломбардтың бөлімшесіне жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, кепілге қойып микрокредит алуға ниетті, өзіне тиесілі қымбат металдан жасалған бұйымды ұсынады.

2. Жылжымалы мүлік Ломбард талаптарына сәйкес келген және бағалау құны белгіленген жағдайда Ломбард қызметкері жылжымалы мүліктің бағалау құнының 96%-ынан аспайтын микрокредиттің ең жоғары мөлшерін белгілейді және оны Өтініш берушіге хабарлайды.

3. Өтініш беруші өзіне алуға болатын жарияланған сома шегінде қолына алуға ниеттенген соманы жариялайды, Ломбард бекіткен кредиттік досьені қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі Қағидаға сәйкес құжаттарды ұсынады. Құжаттар мен жылжымалы мүлікті Ломбард қызметкері қабылдайды.

4. Өтініш беруші айқындалған <https://1lombard.kz> мекенжайы бойынша айқындалған, сондай-ақ Ломбардтың барлық бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерге орналастырылған Микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптарымен танысады.

5. Ломбард Өтініш берушіге бас тарту себебін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы. Өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

6. Ломбард қызметкері шарт жасасқанға дейін:

6.1.1. Қарыз алушыны/Кепілзат берушіні микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етеді;

6.1.2. Өтініш берушіге микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат береді.

7. Микрокредит кепіл затының бағалау құнының 96%-нан аспайтын мөлшерде беріледі.

8. Қарыз алушы/Кепілзат беруші Кепіл билетіне қол қоя отырып, берілген кепіл мүлкінің бағалау құнымен өзінің келісетінін растайды.

## **3. МИКРОКРЕДИТ ҰСЫНУДЫҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

1. Микрокредиттің ең жоғары сомасы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің сегіз мың еселі мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді. Микрокредитті ұсынудың ең жоғары мерзімі 12 ай құрайды.

2. Ұсынылған микрокредитті пайдалану үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті ұсыну мерзіміне қарамастан бір жылға есептеуде көрсетіледі.



3. Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, оның ішінде жылдық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және ЖТСМ (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері «Микроқаржылық қызметі туралы» Заңда және ұсынылатын микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу Қағидаларында белгіленген тәртіппен есептеледі.

4. Микрокредит беру бағдарламаларына және Ломбардтың қолданыстағы тарифтеріне байланысты сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті шамасы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

- 1) Микрокредит мөлшері 45 АЕК-тен аспайды, ең жоғары мерзімі 45 күннен көп емес, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 179%-дан аспайды;
- 2) Микрокредит мөлшері 45 АЕК-тен асады, алайда 8000 АЕК-тен көп емес, ең жоғары мерзімі 12 айдан көп емес, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 46%-дан аспайды.

#### **4. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

1. Ломбард Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес (жылжымалы мүлік): құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды кепілге қабылдайды.

#### **5. ҰСЫНЫЛАТЫН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредит беру мерзіміне қарамастан бір жылға қайта есептеліп көрсетіледі.

2. Уәкілетті орган бекіткен, берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін, микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

3. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.

4. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді ескерместен, талаптар өзгеретін күнге микрокредитті өтеудің қалған мерзімін, берешектің қалдығын негізге ала отырып жүргізіледі.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j – қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S<sub>j</sub> – қарыз алушыға j-төлемінің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t<sub>j</sub> – қарыз алушыға микрокредит берілген күннен бастап j төлем жасау сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P<sub>i</sub> – қарыз алушының i-төлемінің сомасы;

ті - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының і-төлемінің сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

6. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне Қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімақыны, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

## **6. СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ**

1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы/Кепілзат беруші Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді. Сыйақыны Қарыз алушы микрокредит затын пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төлейді.

2. Микрокредитті өтеу тәсілі – біржолғы, қолма-қол ақшамен – Ломбардтың кассасы арқылы не электрондық терминалдар арқылы, не қолма-қол ақшасыз тәсілмен Ломбардтың банктік шотына ақша аудару арқылы;

3. Микрокредитті өтеу әдісі - біржолғы немесе бөліктермен.

## **7. МИКРОКРЕДИТ БОЙЫНША БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ КЕЗЕКТІЛІГІ:**

Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Қарыз алушының Микрокредит шарты бойынша міндеттемелерін өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін келесі тәртіппен өтейді:

- 1) тұрақсыздық айыбы (айыппұл және өсімақы);
- 2) микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы;
- 3) негізгі борыш сомасы.

## **8. КЕПІЛЗАТ БЕРУШІГЕ КЕПІЛ БИЛЕТІНІҢ ТЕЛНҰСҚАСЫН БЕРУ ТӘРТІБІ**

1. Кепіл билеті жоғалған жағдайда, Кепіл берушіге телнұсқа беруді жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсету бойынша Ломбард жүзеге асырады.

## **9. КЕПІЛГЕ ҚОЙЫЛҒАН МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ**

1. Микрокредит беру туралы шарт/Кепіл билеті кепіл мүлкін сақтандыру туралы талапты қамтуы мүмкін. Кепіл мүлкін сақтандыру Ломбардтың есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

## **10. КЕПІЛГЕ ҚОЙЫЛҒАН МҮЛІКТІ ӨТКІЗУ**

1. Ломбард талаптарын қанағаттандыру үшін кепілге салынған мүлікті өндіріп алу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кепілзат беруші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда қолданылуы мүмкін.

2. Кепілмен қамтамасыз етілген микрокредиттің сомасы белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда, Ломбард кепілдік мүлікті соттан тыс тәртіппен не Саудасаттықты өткізбей, бірақ микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан ерте емес, Микрокредит шартында немесе Кепіл билетінде осындай шарт болған кезде өз бетінше өткізу арқылы өткізуге құқылы.

3. Кепілзат беруші кепіл затын сату басталғанға дейін кез келген уақытта кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалу мерзімі өткен бөлігін орындай отырып, айыппұл санкцияларын, есептелген сыйақыны (мүддені), сондай-ақ кепіл затын сақтауға және сатуға байланысты шығыстарды төлей отырып, оған өндіріп алуды және оны өткізуді тоқтатуға құқылы.

4. Қарыз алушы/Кепілзат беруші кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың кепіл мүлкін мәжбүрлеп соттан тыс сатуына өз келісімін береді.

5. Кепілге қойылған мүлікті өткізу не мұндай мүлік Ломбардтың меншігіне өткен кезде, Қарыз алушының/Кепілзат берушінің міндеттемелері тоқтатылады.

## **11. САҚТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

1. Ломбард Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сақтауды жүзеге асырады.

2. Затты Сақтау шарты Ломбардтың әрбір бұйымға Атаулы сақтау түбіртек беруімен ресімделеді. Ломбард пен Жүк берушінің электрондық құжаттармен немесе олардың ерік білдіруін айқындайтын өзге де құжаттармен алмасуы да Атаулы сақтау түбіртектің қорытындысына теңестіріледі.

3. Сақтауға тапсырылатын Затты бағалау тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

4. Затты сақтауға қабылдау кезінде Ломбард спектрлік рентген-флуоресцентті талдаудың бұзбайтын әдісін қоса алғанда, алтынның құрамын анықтау үшін талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға құқылы. Жүк беруші сақтауға тапсырылатын Затты сынаудан немесе тексеруден бас тартқан жағдайда, Ломбард мұндай затты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5. Затты қарау және бағалау кезінде Ломбард оның Ломбард талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздерге сәйкес келмеуі себебінен оны сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

6. Затты сақтау мерзімі мен сыйақы мөлшері тараптардың Атаулы сақтау түбіртегінде көрсетілген келісімімен айқындалады.

7. Сақтау сыйақысы Сақтау шарты тоқтатылғанға дейін нақты сақтау күндерінің саны үшін кез келген уақытта төленеді. Ломбардтың сақтауға арналған шығыстары сыйақы мөлшеріне енгізілген.

8. Ломбард сақтауға қабылданған Затты оның бағасының толық сомасында сақтандыруға міндетті.

9. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, Жүк беруші сыйақы төленген жағдайда өз затын қайтарып алуға міндетті.

10. Затты толығымен кері алған кезде (атаулы сақтау түбіртегінің қолданылуы тоқтатылғанда) Жүк беруші Ломбардқа сыйақы төлейді және сақтау мерзімі үшін іс жүзіндегі күндер санына байланысты өсімпұл төлейді.

11. Затты Жүк берушіге атаулы сақтау түбіртек бойынша беру олар сақтауға қабылданған Ломбард бөлімшесінде Ломбардқа тиесілі сыйақылар мен өзге де төлемдер сомасы толық өтелгеннен кейін жүргізіледі.

12. Егер Жүк беруші сақтауға берілген Затты сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін талап етпесе, Ломбард оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде сақтайды және атаулы сақтау түбіртегінде көзделген айыппұлды өндіріп алады.

13. Ломбард сақтауға берілген Затты пайдалануға құқығы жоқ және қабылданған Заттың жоғалуына, жетіспеуіне немесе жетіспеуіне бағалау сомасына сәйкес жауапты болады. Егер жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі еңсерілмейтін күштердің әсерінен, заттың өз қасиеттерінен, не болмаса Жүк берушінің қасақана әрекеті немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайда, ол Заттың сақталмауына Ломбард жауапкершіліктен босатылады.

14. Жүк беруші өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, сондай-ақ Затты қайтарып алудан жалтарған жағдайда, Ломбард Кепілге берушіні кемінде бір ай бұрын ескерткеннен кейін, талап етілмеген Затты соттан тыс мәжбүрлі түрде немесе Сауда-саттықты өз бетінше өткізуге құқылы екеніне келіседі. Бұл ретте Кепілге беруші талап етілмеген Заттың сатылуына байланысты Ломбардқа ешқандай талап қоя алмайды.

15. Жүк беруші талап етілмеген Затты сатқанға дейін кез келген уақытта Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындай отырып, оған өндіріп алуды тоқтатуға құқылы.

## **12. КЕПІЛГЕ БЕРІЛГЕН МҮЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ**

1. Кепілге алынатын, құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдар өз-өзінен желімделетін қағаз конверттерге қапталады, оған кепіл туралы ақпаратты (кепілзат сипаттамасы, кепілге қабылданған бұйымдардың саны, салмағы, сынамасы, бағалау сомасы, микрокредит сомасы, берілген күні мен уақыты, кепіл билетінің нөмірі) қамтитын Қарыз алушының/Кепілзат берушінің карточкасы желімделеді.

2. Құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сақтау арнайы жабдықталған сейфте немесе қоймада жүзеге асырылады.

3. Ломбард кепілге қабылданған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ.

### **13. КЕПІЛЗАТ МҮЛКІН ЖОҒАЛТУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ**

1. Кепілге қабылданған мүлік үшін Ломбард оны бағалаудың толық сомасында материалдық жауапты болады.

2. Ломбард, егер жоғалу немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болса, кепіл мүлкін жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін материалдық жауаптылықтан босатылады. Кепілге салынған мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі Кепілзат берушіге жүктеледі (форс-мажор).

3. Кепіл мүлкінің аздап зақымдануы жағдайында Ломбард Кепілзат берушінің келісімі бойынша Ломбардтың кінәсінен пайда болған зақымдану мөлшерін анықтайды. Соңғысы Кепілзат берушінің талап етуі бойынша мүлікті қабылдау кезінде жүргізілген бағалау бойынша, зақымдалған кепілзат мүлкін Ломбардтың меншігіне айналдыра отырып, оның толық құнын сатқанға дейін өтеуге бүлінгені үшін құжатпен ресімделген өзара келісілген тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.

4. Кепілзат беруші Ломбардқа мемлекеттік, құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қою және/немесе алу нәтижесінде туындаған залалды даусыз тәртіппен өтеуге міндетті.

### **14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Егер осы Қағидада көзделген қандай да бір ереже немесе шарт заңнамаға сәйкес жарамсыз деп танылса, онда мұндай ереже немесе шарт Қағиданың мәтінінен алынып тасталды деп есептеледі, ал Қағиданың қалған ережелері мен шарттары толық күшінде және қолданыста қалады.

2. Ломбард пен Қарыз алушының/Кепілзат берушінің құқықтары мен міндеттері, олардың Қағидада көзделмеген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3. Қарыз алушының дербес деректері, микрокредит сомасы және кепіл туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға кез келген нысанда ашуға жатпайды.

4. Қарыз алушы/Кепілзат беруші кепілдік билетіне қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің жеке деректерін қағаз және электрондық тасығыштарда жинауға және өндеуге өз келісімін береді.

5. Қарыз алушы/Кепілзат беруші кепілдік билетіне қол қоя отырып, осы Микрокредиттер және өзге де ломбардтық қызметтерді ұсыну қағидаларда қамтылған шарттармен келіседі.